

Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін көтеру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 19 қазандағы № 45/6 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 қарашада № 3513 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 20 тамыздағы № 28/7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 20.08.2018 № 28/7 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 444-бабы негізінде, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге көтерілсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

В. Дроздецкий
В. Свиридов

КЕЛІСІЛДІ

Теміртау қаласының әкімі

_____ Ғ. Әшімов

"19" қазан 2015 жыл

КЕЛІСІЛДІ

Теміртау қаласы бойынша

мемлекеттік кірістер басқармасының
басшысы

_____ А. Нұрпейісов

" 19 " қазан 2015 жыл

КЕЛІСІЛДІ

"Теміртау қаласының жер
қатынастары бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Ә. Әбекенова

" 19 " қазан 2015 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК